



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСМИ

Еңбекақы өседі

Елімізде архив қызметкерлерінің еңбекақысы бір жарым есеге ұлғаймақ. Ал, ауылдық жерде жұмыс істейтін мамандарға 25 пайыздық қосымша төлем заң жүзінде бекітіледі. Жаңа түзетулер мамандарды ұстап қалуға және жастарды осы салаға тартуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Сенаттағы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің отырысында айтылды.

Депутаттар қараған заң жобасы Ұлттық архив қорын сақтау, цифрландыру және оны жаңғыртуға бағытталған. Құжатта мемлекеттік архивтерге «Ұлттық» мәртебесін беру, құжаттарды сақтау мен қорғау тетіктерін күшейту және архивтердің материалдық базасын жақсарту қарастырылған. Сондай-ақ, тәжірибелік-конструкторлық, жобалау-сметалық және қала құрылысына қатысты материалдарды да Ұлттық архив қорына енгізу ұсынылды.

Сенат депутаты Руслан Рүстемовтің айтуынша, түзетулер жалпы 1,75 коэффициентке көтеруге, сондай-ақ, азаматтардың жеке деректерін қорғау нормаларын күшейтуге мүмкіндік береді. Оның айтуынша, мұндай шаралар архив мекемелерінің жұмысын жүйелеуге және құжат айналымының қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған.

Заң жобасының тағы бір маңызды бағыты – балаларды зиянды ақпараттан қорғау. Сарапшылар заң жобасы архив ісімен қатар ақпараттық қауіпсіздік саласындағы маңызды мәселелерді де қамтып отырғанын атап өтеді. Педагогика немесе дәстүрлі емес бағдарды насихаттайтын контенттің қоғамда, БАҚ-та және онлайн платформаларда таралуына шектеу күшейтілмек.

Өз тілшімізден

Жаңғырту кезеңінің жаңа деңгейі

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Кеншілер Мәдениет сарайында Қарағанды қаласының тұрғындарымен дәстүрлі есептік кездесу өткізді. Кездесуді ықшам ғана есепті баяндамасымен бастаған аймақ басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталып, тұрғындармен ашық диалог құрды. Қала өмірін жақсартуға бағытталған ірі жобалар, халықтың күнделікті тұрмысын жеңілдететін бастамалар және жаңа мүмкіндіктер туралы айтылған бұл кездесу көпшілік үшін маңызды алаңға айналды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Сумен қамтамасыз ету бойынша 65 шақырымнан астам желіні қамтитын 21 жобаның іске асырылуы – қаланың көпжылдық мәселелерін шешудің нақты жолы болса, газдандыру жұмыстарының 400 шақырымға жуық желі тартып, 8 500-ге жуық үйді газбен қамтуы – қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ететін маңызды бастама.

Қала аумағында жүріп жатқан құрылыс қарқыны да жоғары. Биыл 33 көпқабатты коммерциялық үй және 5 мемлекеттік тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Бұл – шаһардың өсіп, жаңа аудандардың қалыптасып келе жатқанын көрсетеді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімі әсіресе ТЭЦ-3-тің 9-энергоблогы мен 7-турбоагрегатын салу – болашақтың жобасы екенін және оның Майкұдық пен Оңтүстік-Шығыс арасындағы жаңа аумақтарды жылумен толық қамтамасыз етіп, қаланың тұрақты дамуына жол ашатынын айрықша атап өтті.

Сонымен қатар, «Көгілдір тоғандар» ықшам ауданы маңында салынатын демалыс паркінің сауда орны бола отырып, тұрғындар үшін табиғат аясындағы заманауи тынығу орталығына айналуы қадағаланатыны және бұл аймақта спорттық кластер, бассейн, дзюдо орталығы, ірі сауда кешендері бой көтеретіні де айтылды.

– Қала әкімдігімен бірге жүзеге асырылып жатқан бұл жобалар – кеншілер астанасын жаңа деңгейге шығаратын ұзақ мерзімді стратегиялық жұмыстар. Біз бұл бағыттағы істерді әрі қарай да жүйелі түрде жалғастырамыз, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Кездесу барысы тұрғындардың сұрақ-жауап сессиясымен жалғасып, қаладағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасу алаңына айналды. Ауқымды шара соңында облыс әкімі азаматтарды жеке қабылдап, әрбір сұрақ пен өтінішті жеке бақылауына алды.

Келелі кеңес, ашық әңгіме өрбіген кездесу барысынан жазылған кеңейтілген ақпаратты газетіміздің келесі санынан оқитын боласыздар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесудің келесі бөлімінде қала әкімі жыл бойы атқарылған жұмыстарды таныстырып өтті. Ол жол жөндеу, сумен жабдықтау, газдандыру, жолаушылар тасымалы мен тұрғын үй құрылысы бойынша нақты нәтижелерді баяндады.

– 2025 жыл Қарағанды қаласы үшін сәтті болды. Бес қала мен ондаған елді мекенді біріктірген агломерацияның орталығы ретінде біздің жауапкершілігіміз де, мақсаттарымыз да өсті. Сондықтан, біз үшін ең басты міндет – Қарағандыны өмір сүруге қолайлы, заманауи, жасыл әрі қауіпсіз қалаға айналдыру, 530 мыңнан астам тұрғыны бар шаһарда әр адамның күнделікті өмірін жақсарту.

Биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шынайы халықтық жобалар алаңына айналды. Тұрғындардың бастамасымен 104 жоба жүзеге асты. 19 спорт алаңы, 69 балалар ойын алаңы орнатылды. Қала тұрғындары өз аумағын өздері тандаған жобалар арқылы жақсартып жатқаны – біздің қоғамның белсенділігі мен жауапкершілігінің белгісі, – деді Мейрам Қожухов.

Шаһар басшысының айтуынша, бұдан бөлек, 17 шағын сквер абаттандырылып, олардың көбі тұрғындардың ұсынысы арқылы жүзеге асқан. Бұл – өз кезегінде Қарағандының әр ауданындағы орта біртіндеп өзгеріп, баршаға тең қолжетімді демалыс кеңістіктері пайда болып жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, 2025 жылы Сарыарқа даңғылы бойындағы аллеяны, жеті сая-

бақты абаттандыру жұмысы аяқталған. Қаланың тарихи жадын сақтаудың маңызды бөлігі болып есептелетін Бұқар жырау, Кеншілер даңқы ескерткіштері, Язев, Күзембаев ескерткіштерінің алаңдары кешенді жаңғыртудан өткен. Қала келбетін жаңарту арқылы біз өткенге құрмет білдіріп, болашаққа қадам жасауды жалғастыра аламыз десек, артық айтқандық емес.

Облыс әкімі өз кезегінде бұл жұмыстарға тоқталып, атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

– Қарағанды қаласы – өңіріміздің жүрегі, ал, оның орнықты дамуы әрқайсымыз үшін маңызды. Биыл қалада 80 шақырымнан астам жол жөнделіп, көшелердің 85 пайызы жақсы деңгейге көтерілді. Бұл – тұрғындардың күнделікті өмір сапасын арттыруға бағытталған үлкен қадам.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Автолизингпен амалдаймын десеніз...

Несиеге белшеден батып, автосалондардан жоғары пайызбен жаңа көлік алып жатқандардың қатары көп. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін Үкіметке нақты әрі жедел шаралар әзірлеуді тапсырған болатын. Осы тапсырмаға сәйкес желтоқсанның бірінен бастап, автолизинг бағдарламасы іске қосылды. Қазіргі таңда бұл жоба Алматы мен Астанада пилоттық режимде жүріп жатыр. Бағдарлама бойынша кез келген азамат бастапқы жарнасыз, жылдық шекті мөлшерлемесі 36%-ға дейінгі автолизингке, яғни, ұзақ мерзімге қалаған көлігін ала алады. Алайда, бағдарлама «Әне-міне халыққа ұсынылады» дегенше компаниялар 10 пайыз алғашқы жарна енгізу талабын қойып үлгеріпті. Дегенмен, жаңа бастамаға қатысты түсініксіз тұстар әлі де көп. Соның салдарынан ел арасында жаңа бағдарламаның түсініксіз тетіктері туралы сауал да көбейіп тұр. Ал, жауап аз. Мәселенің мән-жайын тарқатып көрсек...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа бағдарлама жарылқай ма?

Жалпы, лизингке көлік алу – көлікті жалға алу деген сөз. Лизингті толық өтеп бітпейінше көлікті пайдаланасыз, бірақ, иесі атанбайсыз. Егер, көлік-



ке қандай да бір зақым келсе немесе ұрланса, оған тұтынушы жауапты. Сондықтан, көлікті міндетті түрде сақтандыру қажет.

Лизинг тетігі – жаңадан шыққан ұғым емес. Оның құқықтық негізі бұрыннан бар. Бұл механизм Азаматтық кодексте көрсетілгенімен, Қаржы туралы заңда жеке тұлғаларға қатысты нақты нор-

малар болмаған еді. Онда тек заңды тұлғаларға арналған лизинг талаптары қарастырылған. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ішкі сауда қағидаларына өзгеріс енгізіліп, жеке азаматтардың да лизинг рәсімдей алу мүмкіндігі ресми түрде бекітілді.

➤ 2-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда рәсімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай	13 770,14
		12 ай	27 540,28
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай	6 141,30
		12 ай	12 282,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

• ӘЛЕУМЕТ

Ерекше бала ерке бала емес

Аймақта аутизм спектрінің бұзылыстары мен психо-сөйлеу дамуы тежелген балалардың ата-аналарына арналған тегін оқыту бағдарламасы өтіп жатыр. Жоба ата-аналарға ерекше балалармен қарым-қатынасты тиімді жүргізу, мінез-құлықты түзету және психологиялық қолдау көрсету тәсілдерін үйретуді көздейді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама Баларан коррекциялық орталығының жетекшісі Маржан Тұрлыбекованың бастамасымен қолға алынды. Орталық үш жылдан бері аутизм спектрінің бұзылыстары, назардың жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромының даму тежелістерінің өзге де түрлері бар балаларға көмек көрсетіп келеді. Бүгінде мемлекеттік гранттың арқасында жүздеген отбасы қолдау алған. Соңғы грант есебінен ата-аналарға арналған кешенді оқыту курсын іске қосуға мүмкіндік туған.

– Бұған дейін біз ата-аналармен тек жеке форматта жұмыс істеп келдік. Уақыт өте келе, жүйелі, құрылымды бағдарламаның қажеттілігі анық сезілді. Өйткені ерекше баласын тәрбиелеп отырған көптеген ата-ана оқу мен дамытудың тиімді жолын табуда үлкен қиындықтарға тап болады. Осындай курстар олардың күнделікті өмірін жеңілдетіп, баламен қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыруға нақты көмек береді, – деді Маржан Тұрлыбекова.

Курс мазмұны да кең ауқымды қамтыды. Сабақта мінез-құлықты қолданбалы талдау, когнитивтік бұзылыстарды анықтау және түзетуге арналған әдістемелер, сенсорлық интеграция негіздері, сондай-ақ, арт-оқыту элементтері біріктіріліп беріледі. Осы тәсілдер қажетсіз мінез-құлықты азайтып, пайдалы дағдыларды қалыптастыруға, баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға және экран алдында өткізетін уақытын шектеуге көмектеседі.

Қазір бағдарламаны 50 ата-ана менгеріп жүр. Сабақтар онлайн және офлайн форматта өтеді. Онлайн нұсқа қала маңындағы елдімекендер мен іргелес қалалардан қатысатын ата-аналар үшін қолайлы болса, офлайн топ орталықтың арнайы жабдықталған кеңістігінде жұмыс істейді. АФК-блоктардағы жаттығулар, арт-кабинеттегі тапсырмалар мен практикалық жаттығулар ата-аналарға алған білімін бірден тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Сабақтар көлемі де аз емес. Жұмыс күндері – төрт сағат, демалыста – сегіз сағаттық интенсивтер ұйымдастырылады.

Курстың өз мәресіне жетіп, аяқталуына да аз қалды. Сол себепті жаңа топқа қабылдау уақытша тоқтатылған. Өйткенмен, орталық басшылығы жобаға сұраныстың жоғары екенін атап өтіп, алдағы уақытта мүмкіндік туған жағдайда бағдарламаны жалғастыру жоспарланып отырғанын айтады.

Маржан Тұрлыбекованың сөзінше, ата-аналар тарапынан түскен оң пікірлер жобаның маңызын дәлелдей түседі. «Мұндай оқытуды кеңейтіп, тек біздің орталықта ғана емес, басқа ұйымдар базасында да өткізуге болады», дейді ол.

Өңірде іске асқан бұл бағдарлама ерекше балалар тәрбиелеп отырған отбасыларға нақты көмек көрсетіп қана қоймай, өңірде инклюзивті қоғам қалыптастыруға зор үлес қосып отыр. Ата-аналарға арналған кәсіби оқыту курстары олардың күнделікті қиындықтарын жеңілдетіп, балалардың дамуын қолдаудың тиімді жолдарын меңгеруге мүмкіндік береді.

• ЖОБА

Алуан-алуан талант бар ауылда да

Облыс аумағында ауыл жасөспірімдері мен жастардың кәсіби дамуына серпін берген «Ұлт Қазынасы» жобасы аяқталды. Үш айға созылған ауқымды бастама ауылдық елдімекендердегі балалар мен жас буынға жаңа мүмкіндіктер ұсынып, олардың болашаққа деген сенімін арттырды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаны облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма қыркүйек айында іске қосқан-тын. Онлайн-дауыс беру арқылы таңдалған 13 кәсіби ментор түрлі бағыттар бойынша 40-тан астам қатысушыға теориялық білім мен тәжірибелік сабақтар өткізді. Менторлар медицина, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік қызмет, кәсіпкерлік, қоғамдық жұмыс секілді салаларды қамтып, ауылды аралап, үмітті оқушыларды өздері іріктеді. Осы уақыт ішінде олар 35 ауылдық елдімекенге барып, тренинг, экскурсиялар мен кәсіби бағдар беру шараларын ұйымдастырды. Жоба жалпы саны 2000-нан астам ауыл жасөспірімін қамтыған.

– Негізгі мақсатымыз – ауылда да дамуға, мансап таңдауға және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік бар екенін көрсету. Ақпарат тапшылығы сезілетін ауылдық округтерде жастарға бағыт-бағдар беру өте маңызды, – дейді жоба координаторы Әзиза Күлметтенова.

Жобаның ең жас қатысушысы – Ақбел ауылының 13 жастағы тұрғыны Ерасыл Айбек. Ол фермер болуды армандайды және бұл жобаның өз болашағына жол ашқанына қуанышты.

– Ауылда қалып, шаруашылықтың дамуына үлес қосқым келеді. Бұл жоба бізге үлкен жігер берді, – дейді ол.



Суреттер облыс әкімінің сайынан

Ерболдың менторы – шаруа қожалығының басшысы Анар Бозаева. Ол ауыл шаруашылығындағы тәжірибесін бөлісіп қана қоймай, жастарға дұрыс бағыт бергісі келгенін айтады.

– Ерасылдың ынтыасы зор, ауылын ерекше жақсы көреді. Одан болашақта мықты фермер шығатынына сенімдімін. Сондай-ақ, Доскей ауылындағы тағы бір шәкіртті мемлекеттік қызмет саласына қызығушылық танытты. Мен де бұл бағытта тәжірибеммен бөлісіп жатырмын, – дейді ментор.

Долинка кенті әкімінің орынбасары, ментор Жасұлан Хамитов

та өз шәкірттерінің белсенділігіне риза.

– Жасөспірімдердің көзінен болашаққа деген сенім мен өсуге ұмтылыс көрдім. Бұл – жаңа көкжиектер ашылатын сәт, – дейді ол. Оның шәкірті – 11-сынып оқушысы Руслан Құлмұхамедов жобаға дейін мамандық таңдай алмаса, бүгін мемлекеттік қызметке баруға нық шешім қабылдаған.

– Мемлекеттік қызметтің ішкі жұмысын көріп, бұл саланың маған жақын екенін түсіндім. Адамдарға көмектесіп, қоғам дамуына үлес қосқым келеді, – дейді Руслан.

Жобаның соңғы кезеңі – менторлар мен шәкірттердің ортақ жұмыс нәтижесін таныстырған қорытынды фестиваль болды. Шарада менторлар «Ұлт мақтанышы», ал, шәкірттер «Ұлт үміті» марапаттарымен құрметтелді.

Бастаманың нәтижесінде әр қатысушы өз бағытын анықтап, алға нақты мақсат қойды. Менторлар да шәкірттеріне қолдау көрсетуді жалғастыратынын айтты.

«Ұлт Қазынасы» ауыл жастарының мүмкіндігін кеңейтіп, олардың өз туған жерінде де үлкен жетістікке жетуге болатынын көрсеткен маңызды жоба ретінде есте қалатынын айта кеткен жөн.

Автолизингпен амалдаймын десеніз...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Лизингке көлік беру жолы жеңілдетілген. Мәселен, сіз көлік алғыңыз келіп жүрсіз делік. Дәл осы бағдарламамен жұмыс істейтін компаниялардың біріне барып, аз ғана уақыт ішінде рәсімдей аласыз. Ол үшін сізден несиелік жүктеме, зейнетақы жинағындағы қаражат көлемі талап етілмейді. Бірақ, ай сайынғы табысыңыздың 85 пайызы несие төлеміне жұмсалмауы керек. Егер, осы критерийге сай келсеңіз – су жаңа темір тұлпар сіздікі. Ал, лизингке алынатын көліктер Қазақстанда, шет елде шығарылған деген талап жоқ. Ең бастысы, салоннан алынуы керек.

Бұл бастаманы ForteLeasing және отандық автомобиль өндірушісі Allur компаниясы жүзеге асыруда. Қазіргі уақытта Алматыда дәл осы бағдарламамен елден бірінші болып жаңа көлік алғандар бар. Олар ұсынылған шарт бойынша көліктің 10%-ын құйып, 15% жылдық мөлшерлеменен рәсімдеген. Алайда, мамандар бұл сандар кейбір тұтынушы үшін өзгеріп тұратынын айтты. Бақсақ, әрбір қарыз алушының қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігі ескеріледі екен.

Парламент Мәжілісінің депутаты Олжас Құспеков 24.kz телеарнасына берген сұхбатында автолизингтің артықшылығын айтып берді.

– Негізгі бастапқы жарна болмауы керек еді. Бірақ, автолизинг беретін компаниялар 10 пайыз жарнасын қойып отыр. Бұған жауапты Сауда және интеграция, Өндіріс және құрылыс министрліктері оларға ешқандай шектеу қойған жоқ. Бастапқы жылдық мөлшерлеме 45% деп бекітілген болатын. Бірақ, қазір автотөлемнің өзі 45% екенін ескере отырып, оны төмендеттік.

Компания тұтынушыға несиенің айлық төлемі мен жылын қолжетімді етіп жасап береді. Лизингтің бір артықшылығы – көліктің аз пайызбен берілетіндігінде. Бірақ, қандай да бір жағдайда несиенің ай сайынғы төлемі екі есептік кезеңнен кешіктірілсе, келісімшарт автоматты түрде бұзылады. Ал, келісімшарт бұзылса, компания сізден көлігіңізді алып кетеді. Бірақ, ол сіздің несие тарихыңызға әсер етпейді. Бұл – екінші артықшылығы. Осындай жағдайда сіз тек компаниямен ғана ат құйрығын үзесіз. Сізге тек екінші мәрте лизинг қарастырылмайды. Ал, компа-



Сурет: ЖМ

ния бұл жағдайда ешқандай шығынға ұшырамайды. Сол көлікті басқа компанияларға жалға бере салады.

Несие рәсімдеу кезінде көлік бағасына сақтандыру компаниясы мен техникалық қызметтердің бағасы қосылады. Одан бөлек, зауыттан кепілдендірілген болса, екі жыл кепілдік сомасы да есепке алынады. Шыққан баға тұтынушының ахуалына қарай мерзімге бөлінеді, – деді депутат.

«ForteLeasing» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Саят Үрпежанов «Казинформ» халықаралық ақпарат агенттігіне берген сұхбатында елде жеке тұлғаларға арналған бірінші автолизингтің пилоттық жоба екенін атап өтті.

– Бұл жобаны біз Allur Group компаниясымен серіктестік аясында жасадық. Негізгі шарттар заңды тұлғаларға берілетін жасалды шарттарына сәйкестендіріліп жасалды. Яғни, заңды тұлғаларға берілетін лизинг шартымен бірдей. Біз халықаралық тәжірибелерге көз жүгірттік. Енді бұл бағдарламаны әрі қарай жетілдіре бермекпіз. Қазірдің өзінде бірқатар ұсыныс түсті. Оның бәрін Үкіметпен, қауымдастықпен бірге пысықтаймыз, – деді Саят Үрпежанов.

Лизинг мерзімі аяқталған соң тұтынушыға үш түрлі таңдау берілетін көрінеді. Әуелі, төлемді толық төлеп болған соң көлікті өз атыңызға аудару аласыз. Немесе, жай ғана қайтарып бере салуға да болады. Болмаса, үшінші нұсқа, яғни, жүрілген көлігіңізді басқа бір жаңа көлікке ауыстыру құқығы да қарастырылған. Әлбетте, айырбастау да дәл осы лизинг арқылы жүзеге асады. Сон-

дықтан, мамандар келісімшартқа қол қояр алдында мұқият танысып шығу қажеттігін айтты.

Сонымен қатар, сіз су жаңа көлікті бес жылға лизинг бағдарламасымен алдыңыз делік. Екі жылдан соң жалға алу мерзімі аяқталмаса да көлігіңізді компанияға тапсырып, орнына басқа көлік түрін айырбастап ала аласыз. Бірақ, әу баста компаниядан лизингке көлік алар кезде арада екіжақты келісімшарт бекиді. Көлікті айырбастар кезде сол келісімшартқа көрсетілген тармақтарға сай болу қажет. Ол келісімшартты әр лизинг компания өзі ұсынады. Ал, жаңа көлікке жаңа лизинг шарты қайта жасалады.

«КАСКО» қосымшесі ме?

Автолизингтегі көлікті қатты сырып алсаңыз, немесе бұзылып қалған жағдайда жөндеу жауапкершілігі лизинг шарты мен сақтандыру түріне байланысты. Бірақ, бұл бағдарлама арқылы көлік алған тұтынушылардың 90%-ына компания «КАСКО» сақтандыру полисін рәсімдеуді міндеттейді екен. Бірақ, алда-жалда жол көлік оқиғасына түссеніз немесе көлік жарамы қалса не болмақ? Ондай жағдайда «КАСКО»-ның шығындарды толық өтеп немесе өтей алмайтыны әлі белгісіз.

– Бұл бағдарламаның шикі тұстары көп. Бағдарламаның берілетін көліктердің бағасы көтерілетіні сөзсіз. Себебі, компанияны екінші деңгейлі банктер қаржыландырады. Яғни, мемлекет екінші деңгейлі банктерді қаржыландырса, олар лизинг компаниялары-

на ақша құяды. Ал, екінші деңгейлі банктердің пайызы бесенеден белгілі. Демек, 10 млн-ға көлік алсаңыз, үстіне бес, тіпті, 10 млн теңгеге дейін қосып қайтаруыңыз әбден мүмкін. Біздің әлсіз тұсымыз неде? Кейбір компаниялар көлікті алғашқы жарнасыз беріп жатыр. Әрі, лизинг сіздің несие тарихыңызға да әсер етпейді. Несие тарихына қарама-са, төлем қабілетіңізге көз жүгіртпесе ел жаппай жаңа көлік мінеді. Әсіресе, «Жаңасынан мінейін. Такси қызметінде жүріп жауып тастаймын» деп ойлайтындар да жоқ емес. Бірақ, бұл қате шешім деп білемін. Біріншіден, көлік бағасы қымбатқа түседі делік. Ал, екіншіден, көлікті компаниялар үш немесе бес жылға береді. Бірақ, сол аралықта сіздің жағдайыңыз, көліктің ағуы қалай болатыны бір Аллаға ғана аян. Егер сіз жаңа көлік алып, такси қызметінде жүріп соғып алдыңыз делік. КАСКО-ның сақтандыру шартында «Белгілі бір таксопарктерде тіркелген көлік болса, сізді сақтандыру компаниясы сақтандырмайды» деген тармақ бар. Осыны біз оқымай, аузымыз күйіп жатады, – деді автосарапшы Санат Нұрбаев.

Мәселен, сіз жаңа көлік міндіңіз. Несиеңіз айлық төлемін жыл бойы кешіктірмедіңіз. Бірақ, екінші жылы қандайда бір себеппен көлігіңізді жаңалағыңыз келіп, әлгі талаттарға сай көлігіңізді компанияға өткіздіңіз. Онда жыл бойы лизингке құйған ақшаңыз кері қайтарылмайды. Көлікті де, ақшаны да компания өзіне алып қалады.

Парламент Мәжілісінің депутаты Олжас Құспеков өз сөзінде:

– Бұл бағдарламаға екінші деңгейлі банктерді кіргізбеу керек. Егер банктер іске кіріссе, онда бұл жеңілдетілген лизинг емес, автотөлем болып кетеді. Сондықтан, бұл жерде бөлек бір компания құрылу керек, – деген еді.

Қазіргі таңда бұл іске ForteLeasing мен Allur компаниясы білек сыбана кірісті. Одан бөлек, еліміздегі алғашқы автосалондардың бірі ретінде Kia-да қосылды. Осы жобаларды қаржыландырып отырған – түрлі коммерциялық банктер. Жалпы, жыл сайын инфляция деңгейінің көтерілуі – үйренішті құбылыс. Ал, инфляция артқан сайын банктердің пайыздық мөлшерлемені өсіретіні белгілі. Сөйкесінше, лизинг ұсынатын компаниялардың да өз пайыздық ставкаларын қайта қарауы әбден мүмкін.

• ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Роботтар әлемінде

Осыдан жеті жыл бұрын Топар кентінде ашылған «Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығы» КММ (Технопарк) ұжымы да қазіргі цифрландыру мен жасанды интеллект заманының көшіне қалмаудың қындал.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған орталық кезіндегі Топар ауыл шаруашылық колледжінің күрделі жөндеуден өткен екі қабатты ғимаратына орналасып, онда 27 адам еңбек етсе, соның ішінде 10 мұғалім сабақтан тыс уақыттарында топарлық оқушыларға 1-сыныптан бастап, 10 бағыт бойынша қосымша білім беріп, оларға өз билгендерін үйретіп, түрлі деңгейдегі додаларға дайындайды.

Бізге жұмыс істейтін 10 үйірмеге кенттегі 3 мектептің 270 оқушысы қатысады, – дейді осы шығармашылық орталықтың директоры Ахат Жакиев. – Атап айтқанда, олар сенбі, жексенбіден басқа күндері осы үйірмелердің зертханаларында қабілет-қарымдарын көрсетіп, шеберліктерін шындайды. Әрі өз жобалары негізінде әзірлеген заттарымен түрлі бәсекеде жүлделі орындарды иеленуде.

Ахат Асхатұлының айтуынша, бұл күндері орталықта техникалық модельдеу және құрастыру, химия-биология, электроника-автоматика, 3-Д модельдеу және бағдарламалау, роботтехника, эстрада-драмалық театр, шығармашылық өнер академиясы, зияткерлік ойындар, би зертханалары болса, оларда тұрған жабдықтардың барлығы да цифрландырылған екен.

Соның ішінде, роботтехника үйірмесінің жұмысын өз ісінің мамандары Ян Берлібай мен Арғын Мұқтарұлы жүргізіп, оған қатысатын 5 топтағы 37 баланы неше алуан жобалар бойынша роботтар жасап, құрастыруға баулиды. Жаны жоқ демесеңіз, бұл роботтар сан кимыл-әрекеттер жасап, пульспен оп-оңай басқарылады. Осы зертханаға кіргенде, роботтар әлеміне тап болғандай күй кешеді екенсі. Мұнда не жоқ дейсіз?! Робот ойыншықтар мен жануарлардан үлкен механизмдерге дейін бар. Солардың бәрі мектеп жеткіншектерінің ақыл-ойы мен қиялынан туғанына дау жоқ.

Осы роботтехника үйірмесі мүшелерінің ішінен өздері жасаған роботтарымен Мұхит Дәуірхан мен Дінмұхамед Қабжан сияқты оқушылар аудандық, облыстық жарыстарда жүлделі орындардан көрініп жүрсе, ал, Шахназар Алдабергенов пен Ескендір Сыздықов 2024 жылы өткен халықаралық «Роболент» сайысында ІІ-орын алған. Олардың тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін экологиялық роботы қазылар тарапынан жақсы бағаланған көрінеді.

– Енді бүгінгі күннің талабына сәйкес жасанды интеллект үйірмесін ашпақ ойымыз бар, – дейді Ахат Жакиев. – Сол үшін осы желтоқсан айында роботтехника үйірмесінің жоғарыдағы екі мұғалімін арнайы курста оқытып алғалы отырмыз.

Абай ауданы

• БОКС

Ел намысын қорғайды

Кеше Дубай қаласында Халықаралық бокс қауымдастығының (ИВА) ұйымдастыруымен ерлер арасында әлем чемпионаты басталды. Бұл жарысқа ұлттық құрама спортшылары толық құрамда қатысуда. Сол құрамда Абылайхан Жүсіпов, Сабыржан Аққалықов және Нурмагамед Юсупов сынды жерлестеріміз де бар. Сонымен қатар, World Boxing ұйымы жаңартылған әлемдік рейтингті жариялаған болатын. Сол қатарда Сабыржан да бар...



Абылайхан Жүсіпов



Нурмагамед Юсупов



Сабыржан Аққалықов

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі Өзбекстанның Ташкент қаласында оқу-жаттығу жиындары өткен болатын. Онда Орта Азия елдерінің ерлер құрамалары бірлесіп, толық оқу-жаттығу жиындарын өткізген. Ал, әлем чемпионатына ұлттық құраманы бас жаттықтырушы Қайрат Сәтжанов бастап бармақ. Абылайхан Жүсіпов 71 келі салмақта сынға түспек. Абылайхан – тәжірибелі, халықаралық деңгейде мойындалған боксшы. Оның мансабы ұлттық және құрлықтық жарыстардан бастап, жоғары деңгейдегі халықаралық жарыстарға дейін

созылған. Осы жолы да бұл спортшыдан алтын күтіп отыр. Сабыржан да 75 келі салмақтағы басты фавориттердің бірі. Жас та болса, республикалық, халықаралық жарыстарда ерекше бокс стилімен көзге түсіп жүрген перспективалы боксшы. Бұл спортшы да әлем чемпионатынан топ жарайды деген сенім мол. Ал, Нурмагамед Юсупов – ұлттық деңгейдегі құрамаға шақырылған ауыр салмақтағы боксшы. Яғни, 92 келі салмақта қолғап түйістіреді. 2001 жылғы жас боксшы екі дүркін күміс жүлдегер. Дәл осындай байрақты бәсекеге ұлттық құрама сапында алғаш өнер көрсетуі. Ел намысын қорғайтын боксшыларға сәттілік тіледік!


Сонымен қатар, күні кеше ғана World Boxing ұйымы жаңартылған әлемдік рейтингін жариялады. Әйелдер боксынан Қазақстан спортшыларының есімі тоғыз салмақ дәрежесінде топ-15 санатына енгізілген. Ал, жерлесіміз Аида Әбікеева 65 келі салмақта көш басына шықты. Сонымен қатар, отандасымыз Наталья Богданова да 70 келі салмақта көш бастады. Одан бөлек, ерлер арасындағы әлемдік рейтингте де тоғыз салмақ дәрежесінде отандастарымыз үздіктер қатарына енді. Ал, жерлесіміз Сабыржан Аққалықов 75 келіде IX орынға көтерілді.

Суреттер Қазақстан бокс федерациясынан

• КАРАТЭ

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»

Польшаның Гродзиск-Мазов қаласында каратэден WKB World Championship & World Cup U12 әлемдік турнир өткен болатын. Сол додаға облыстық федерация атынан қатысқан қарағандылық «Воин» клубының спортшысы Ерұлтан Ахмет пен жаттықтырушысы Станислав Полудинский ел қоржынына алтын медаль салды.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, ұлттық құрама сапына үш бірдей қарағандылық өнер көрсетті. Аталған клубтың спортшысы Ерұлтан Ахмет пен Әмір Таушиев U12 санатында бақ сынаса, олардың жаттықтырушысы Станислав Полудинский «+40 АБС» категориясында өнер көрсетіп, алтыннан алқа тақты. Ерұлтан 40 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күш сынасқан еді. Қарсылас шақ келтірмей өз салмағының үздігі атанды. Айта кетейік, Ерұлтан – киокушин-кай каратэден Азияның екі дүркін чемпионы. Әрі түрлі деңгейдегі турнирлердің бірнеше мәрте жүлдегері. Бұл жолы да әлемдік турнирден топ жарып, ел намы-

сын абыроймен қорғап қайтты. – Біз әлемдік аренада лайықты өнер көрсеттік. Ерұлтан өте мықты қарсыластармен кездесті. Жеті белдесу өткізіп, бәрінде жеңіске жетті. Алдыңғы жарыстарда жинаған тәжірибесінің пайдасы тиді. Ал, Әмір де табандылық танытып, қиын кездесулерде мінез көрсетті. Өкінішке орай, негізгі уақытқа қосылған қосымша минуттарда қарсыласынан айлаласын асыра алмады. Десе де, оның өнерін төрешілер жоғары бағалады. Екі жас спортшы да бесінші сыныпта оқиды. Қос спортшы төрт жасынан бастап, түрлі стильдегі каратэмен айналысып келеді. Чемпионатқа дайындықты да бірге жасады, – деді Станислав Полудинский.

• ТЕННИС

Тунистегі турнирде дара шықты

Тунистің Монастир қаласында теннистен ITF M15 санатындағы әлемдік турнир өткен болатын. Байрақты бәсекеде ел атынан өнер көрсеткен Қарағанды теннис мектебінің түлегі Әмір Омарханов қарсылас шақ келтірмей, турнир жеңімпазы атанды. Осы жеңісінен кейін 18 жастағы қарағандылық теннисші кәсіби теннисшілер қауымдастығы (АТР) рейтингісінде 859 орынға көтерілді.

Айта кетейік, жерлесіміз аталған чемпионаттың ширек финалында әлемнің 847-ракеткасы, испаниялық Хорхе Планспен кездесіп, екі сетте де жеңіске жеткен болатын. Ал, актық кезеңдегі қарсыласы әлемдік рейтингте 824-орында тұрған германиялық Мика Петкович еді. Бірінші сетте жерлесіміз 6:3 есебімен жеңіске жетті. Екінші партияда 3:6 есебімен есе жіберді. Осылайша, екі сеттен кейін таразы басы теңесті. Шешуші үшінші сетте Әмір 6:4 есебімен неміс спортшысынан айлаласын асырып, жеңіс тұғырынан көрінді. Осылайша осы жеңісінен кейін жас спортшы бірден 241 сатыға жоғары кө-

терілген. Яғни, ол бұған дейін аталған рейтингте 1 100 орында тұрған болатын. Бүгінде 859 орынға шықты. Одан бөлек, жаңартылған рейтинг тізімінде басқа да отандастарымыз бар. Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик 11 орында қалса, Александр Шевченко 96-дан 95-ке көтерілді. Ал, Дмитрий Попко 224-тен 223-ке бір саты жоғарыласа, Тимофей Скатов 239-ға тұрақтады. Әйелдер арасында Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина WTA рейтингісінде бұрынғыша үздік бестікті түйіндеп тұр.

Өз тілшімізден



• КЕШ

Ұлт рухының темірқазығы

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихының ең жарқын белестерінің бірі – Алаш қозғалысы. Ұлтының болашағы үшін күрескен Алаш арыстарының тағылымы мен мұрасы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. «Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр» деген Әлихан Бөкейхан өсиеті халқымыздың жүрегіне айналғаны да сондықтан. Алаш зиялылары – Отанға адал қызмет етудің, ұлттық мүдде жолында жанкештілікпен күресудің шынайы үлгісі.

Осы орайда Қарағанды қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №11 кітапхана филиалында Алаш айлығы аясында «Ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш зиялылары» тақырыбында тарихи-танымдық кеш ұйымдастырылды. Шара бүгінгі қоғамды жаңғыртудағы Алаш қозғалысының рөлі мен маңызын ашып, ұлт тәуелсіздігі жолында күрескен арыстардың ерен еңбегін жас ұрпаққа үлгі ету, насихаттауды көздеді. Кешке академик Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ филология факультетінің магистрі Жанайдар Жұмагелдин, ҚарҰЗУ филология факультетінің, Қарағанды жоғары медициналық интерколледжінің, Тәттім-

бет атындағы Қарағанды өнер колледжінің студенттері қатысты. Кітапханашылар қатысушыларға Алаш қозғалысының қазақ тарихындағы ерекше орны туралы қысқаша мағлұмат берді. Шара барысында сөз алған Жанайдар Шаймерденұлы Алаш қайраткерлерінің тағдырындағы рөліне тоқталып, Алаш Орда үкіметінің құрылуы мен қалыптасуында айрықша із қалдырған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай және басқа да ұлт зиялыларының еңбегі жайында кеңінен баяндады. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің III курс студенті Сабырбек Әділжан күй атасы Құрманғазының «Адай» және Дәу-

леткерейдің «Көрғұлы» күйлерін орындап, қатысушылардың қошеметіне бөленді. Сонымен бірге, ақын Б.Үсөмбековтің «Алаштың асыл ұлдары» өлеңі оқылып, «Алаш партиясы» деректі фильмінен үзінді көрсетілді. Кеш соңында Алаш қозғалысы тарихына арналған кітап көрмесіне шолу жасалды. Алаш қайраткерлерінің күресі мен қаламгерлерінің мұрасы жыл өткен сайын ұлттық руханиятқа терең еніп, «Алаш» сөзі қасиетті ұғымға айналып келеді. Ұлтжандылық пен өркенді болашаққа бастайтын идея ретінде Алаш рухы қазақтың жүрегінен терең орын алуда. Алаш арыстарының еңбегі ешқашан ұмытылмайды, халықтың мәңгілік мақтанышы.

Анар ИДИРИСОВА, «Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» №11 кітапхана филиалының кітапханашысы

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJKBZKX БИН 000840001412

Тарапымы 3 526

№134 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН